**БЕКІТЕМІН**
**Жамбыл облысы әкімдігіні**
**мәдениет, архивтер және**
**құжаттама**
**басқармасы басшысының м.а.**
**_________________ Е.Жүнісбай**
**«13» ___04___________ 2021 ж.**

**«Алаш әдебиеті – тәуелсіз ұлт руханиятының негізі»**
**республикалық кітап байқауының**
**ЕРЕЖЕСІ**

**Жалпы ереже**

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, «Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы» КММ-нің ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларын негізге алып ұлт тарихында өшпес із қалдырған көрнекті тұлғалардың рухани мұрасын кеңінен насихаттау, жастарды Отаншылдыққа, бірлікке, патриоттыққа тәрбиелеу, кітап қорындағы әдебиеттерді кең көлемде таныстырып, мүмкіндігі шектеулі жандардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Алаш әдебиеті – тәуелсіз ұлт руханиятының негізі» атты республикалық байқау жариялайды.

**1. Байқауды ұйымдастырушылар:**

- Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы

**2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері**

- Егеменді елдің халқымызға қымбат, ұлтымызға ұлық ұғымдарын, Алаш қаламгерлері шығармашылығын, оның рухани жаңғырығын, ізгілік пен адамгершілікке құрылған төл әдебиетіміздегі гуманистік идеал, гуманистік ой, ұлттың адамсүйгіштік қасиеттерін насихаттау;
- Кітап қорындағы зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған басылымдардың сапасын жетілдіру, оларды шығаруда инновациалық элементтерді дамыту;
- Зағип және нашар көретін азаматтардың әдебиетке қызығушылығын ояту, оқу мәдениетін дамыту және қолдау, қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- Бедерлі-нүктелі қаріпте әдебиеттерді жарыққа шығаратын кітапханашылардың еңбегін бағалау, мүмкіндігі шектеулі оқырмандарға

қызмет көрсетумен айналысатын кітапханашылардың кәсіби деңгейін арттыру;

- Кітапхананың кітап қорын арнаулы (брайль, дыбыстандырылған, тактильді) кітаптармен толықтыру, арнайы кітапханалардың қызметін дамыту;

## 3. Байқаудың өту мерзімі

- Байқау жұмыстары 2021 жылдың шілде–қыркүйек айларында қабылданады.
- Байқауға қатысушылардың жұмысын қабылдаудың соңғы мерзімі - 25 қыркүйек 2021 жыл.
- Байқаудың қортындысы қазылар алқасының шешімдерімен 2021 жылдың қазан айында жарияланады.
- Байқаудың қортындысы Жамбыл облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және арнайы кітапхананың obn.zhambyl.kz сайттарында, жергілікті мерзімді басылымдар беттерінде, кітапхананың әлеуметтік желілер парақшасында жарияланады.
- Жеңімпаздар І. ІІ. ІІІ дәрежелі дипломдар, алғыс хаттар, әр түрлі жұмыс бағыты бойынша үздік жұмысы үшін естелік сыйлықтармен марапатталады.

## 4. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар.

Байқауға кітап қорындағы әр облыстың ақын-жазушысының 1 (бір) кітабы және тәуелсіздік жылдары жарық көрген 1 (бір) әдебиет зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған қолжетімді форматта бедерлі – нүктелі қаріп (брайль), дыбыстандырылған (СД) түрінде және тактильді кітаптар қабылданады. (Барлығы -3)

Кітаптарды безендіру кезінде белгіленген стандарттарды сақтау талап етіледі. Библиографиялық сипаттамалар қолданылады.

1. **Бедерлі – нүктелі қаріптегі кітаптар :**

   1.1. Кітап көлемі А4 парақты (жоғары жағы 1мм сол жағы 3 мм) болу керек

   1.2. Бір бетте 27 қатар,1 қатарда 30 символдан аспау керек.

   1.3. Кітап ауыр болмау керек. 1 кітап 150-160 беттен болуы керек.

   1.4. Кітап беттеріндегі қаріптер саусақ ұшына анық сезілуі тиіс.

2. **Аудио кітаптар**

   2.1 Аудио кітаптың оқылу тәртібі, сапасы, диктордың оқу мәнеріне назар аударылады. Дыбыстың нақты шығуы, бөгде дыбыстардың болмауын қадағалау қажет.

3. **Тактильді кітаптар:**

   3.1. Кітап беттері алақанмен жағымды сезілуі тиіс.

3.2. Кітап беттеріне бейнеленген мүсіндер (тіршілік иелері) өте дәл келуі керек.
3.3. Егер бейне бірнеше бетте қайталанатын болса, оны басқалармен шатастырмауы үшін оның бірыңғай өлшемін, пішін үйлесімін сақтау қажет.
3.4. Әр заттың бөлшектерін бейнелеуде пропорцияларын (адамдар, жануарлар және т.б.) сақтау маңызды.
3.5. Адамдардың, жануарлардың, заттардың бейнесіндегі түстер табиғи түстеріне сәйкес болуы керек.
3.6. Мүмкін болған жағдайда кітапты Брайль жүйесіндегі қаріппен және ірі көлемді мәтінмен толықтыруға болады.
3.7. Түрлі маталар, былғары, барқыт беті бар түрлі – түсті қағазды қолдануға болады. Балалар қолының моторикасын дамыту үшін жұмсақ ойыншық, түйме, қалталар, мойыншақтар қолдануға болады.

## 4. Байқау жұмыстарын бағалау

- Кітаптың мазмұны, талапқа сай болуы мен безендірілуіне, библиографиялық сипаттаманың стандартқа сәйкес қойылуына қарау.
- Аудио кітаптардың оқылуына, дыбыстың анықтығына, бөгде дыбыстардың болмауына назар аударылады.
- Тактильді кітаптың мазмұны, айтатын ойы, талапқа сай жасалынуына назар аударылады.

## 5. Байқауға жұмыс ұсынатын мекеменің ұсынысы:

Жұмыс авторларының толық аты–жөні (ұжымдық, авторлық), жетекші, диктор, дыбыс режиссері (дыбыстандырылған кітаптарға), аудармашы-брайлист, оператор, редактор және т.б. мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Байқауға түскен жұмыстар кері қайтарылмайды және байқау қорытындысы шығарылғаннан кейін Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының кітап қорына жіберіледі.

Байқауға жинақталған жұмыстармен кітап көрмесі жасақталып, Жамбыл облысы тұрғындарына таныстырылады.

***Байқаудың жұмыстары мен құжаттары мына мекен–жайда қабылданады:***

Жамбыл облысы, Тараз қаласы, С.Аққозиев көшесі 5 үй «байқауға» деген белгімен.

Барлық сұрақтар бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады: 8(7262) 454927

**Байқауға қатысуға тапсырыс нысаны**

| | |
|---|---|
| Өтініш беруші ұйымның толық атауы | |
| Өтініш беруші ұйым басшысының аты-жөні | |
| Өтініш беруші ұйымның пошталық индексі көрсетілген мекенжайы, телефоны, эл.поштасы. | |
| Байқауға ұсынылатын кітаптың атауы. | |
| Қатысушылардың аты-жөні (бөлім, брайлист, редактор, диктор, дыбыс режиссері және басқа қатысушылар) | |